

**"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау және халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 тамыздағы № 1037 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1144 қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау және халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 тамыздағы № 1037 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      К. Мәсімов*

**«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау және халықаралық сот органдарымен**

**өзара іс-қимыл мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы  
Президентінің 2010 жылғы 12 тамыздағы № 1037 Жарлығына  
өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

**Қ А У Л Ы                    Е Т Е М І Н :**

1. «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау және халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 тамыздағы № 1037 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 46, 416-құжат; 2013 ж., № 25, 336-құжат, 2015 ж., № 29-30; 19-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну , сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау, халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл мәселелері және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру туралы» ;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының жобаларын дайындау, келісу, қол қоюға ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру және Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтарына мониторинг жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 976 Жарлығына сәйкес және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуына және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің іске асырылуына бақылауды күшейту, халықаралық іс-шараларды дайындауды жүйелендіру, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау және

халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл тәртібін белгілеу мақсатында **ҚАУЛЫ Е Т Е М І Н** : » ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау, халықаралық органдармен өзара іс-қимыл және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) бекітілсін.»;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау және халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл қ а ғ и д а л а р ы н д а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну , сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау, халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру қ а ғ и д а л а р ы » ;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау, халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін

үйлестіруді жүзеге асыру тәртібін белгілейді.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Орталық мемлекеттік органдар жыл сайын 10 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне (бұдан әрі - СІМ):

1) осы Қағидаларға 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша мәліметтерді қамтитын, күшіне енген халықаралық шарттардың өткен жыл ішінде орындалу барысы туралы;

2) осы Қағидаларға 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша мәліметтерді қамтитын, қол қойылған және күшіне енбеген халықаралық шарттар бойынша мемлекетішілік рәсімдердің орындалу барысы туралы, оның ішінде олардың орындалмау себептері туралы ақпарат береді.»;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. СІМ орталық мемлекеттік органдар ұсынған ақпаратты жинақтап-қорытады, талдайды және талдау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша сыртқы саяси бағаны қамтитын жиынтық ақпаратты жылына бір рет 10 ақпаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне (бұдан әрі - Премьер-Министр Кеңесі) жібереді. Халықаралық ұйымдардың ұсынымдары болған жағдайда, олардың көшірмелері көрсетілген ақпаратқа қоса беріледі.

5. Премьер-Министр Кеңесі жыл сайын 25 ақпаннан кешіктірмей, ұсынылған ақпаратты Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне (бұдан әрі - Президент Әкімшілігі) жібереді.

Жіберілетін ақпарат, қажеттігіне қарай, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жасалған халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі Премьер-Министр Кеңесінің ұсыныстарымен толықтырылады.»;

мынадай мазмұндағы 6-бөліммен толықтырылсын:

«6. Орталық мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру тәртібі

42. Орталық мемлекеттік органдардың Комиссиямен өзара іс-қимыл мәселелерін қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың халықаралық қызметін үйлестіруді СІМ жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері, болу мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдіктері (өкілдері) мен филиалдарының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

43. Орталық мемлекеттік органдар мен СІМ арасында халықаралық қызмет мәселелері бойынша жедел өзара іс-қимыл мемлекеттік органдардың халықаралық ынтымақтастық үшін жауапты құрылымдық бөлімшелеріне жүктеледі.

44. Орталық мемлекеттік органдардың Комиссиямен ресми хат алмасуды қоспағанда, орталық мемлекеттік органдар мен шетелдік мемлекеттік органдар,

дипломатиялық өкілдіктер мен халықаралық ұйымдар арасындағы ресми хат алысу егер заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде немесе күшіне енген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, СІМ арқылы жүзеге асырылады.

Таяу арадағы бес күн ішінде шетелдік тараппен мәселелерді пысықтау қажеттігі жағдайында орталық мемлекеттік органдар мен шетелдік мемлекеттік органдар жіберілген хаттар мен олардың мазмұны туралы СІМ-ді кейін хабардар ете отырып, шетелдік мемлекеттік органдарға дипломатиялық өкілдіктер мен халықаралық ұйымдарға хаттар жіберілуіне жол беріледі.

45. Мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының бірыңғай бағытын жүргізу мақсатында СІМ:

Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалуына жалпы бақылауды және үйлестіруді жүзеге асырады;

мемлекеттік органдарға шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен халықаралық ынтымақтастықты жолға қоюда және дамытуда, сондай-ақ халықаралық іс-шаралар дайындауда және өткізуде жәрдем көрсетеді;

мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының бірыңғай бағытын жүргізуге жалпы үйлестіруді жүзеге асырады;

мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мәселелері жөнінде түсініктемелер береді;

тақырыбы олардың құзыретіне жататын халықаралық іс-шаралар туралы мемлекеттік органдарды алдын ала хабардар етеді;

мемлекеттік органдардың халықаралық ынтымақтастыққа жауапты құрылымдық бөлімшелердің жұмысына ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;

жарты жылда бір рет, тиісті жартыжылдықтың соңғы айының 20-нан кешіктірмей, орталық мемлекеттік органдарға өзекті сыртқы саяси мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының ресми ұстанымы туралы ақпарат жібереді.

46. Орталық мемлекеттік органдар:

СІМ-мен мемлекеттік органның халықаралық қызметі мәселелерін үйлестіреді;

жылда бір рет, 20 желтоқсаннан кешіктірмей СІМ-не келесі жылға жоспарланған халықаралық іс-шаралар, сондай-ақ өткен кезең үшін мемлекеттік органның халықаралық қызметі, оның ішінде сыртқы экономикалық сипаттағы іс-шаралар туралы ақпарат ұсынады;

мемлекеттік орган өткізген халықаралық іс-шара аяқталғаннан кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей, СІМ-нің сұратуы бойынша СІМ-не қатысушылар құрамы, талқыланған мәселелер, қол жеткізілген уағдаластықтар, оның ішінде мемлекеттік органның ұстанымы көрсетілген есеп және қажет болған жағдайда, тиісті мәселелерді әрі қарай пысықтау жөнінде ұсыныстар жібереді;

СІМ-мен келісім бойынша Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі

органдары өкілдерінің мемлекеттік орган ұйымдастырған және (немесе) өткізген халықаралық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз етеді;  
СІМ-мен халықаралық имидждік жобалардың өткізілуін келіседі.

47. СІМ орталық мемлекеттік органдар ұсынған ақпаратты жинақтап-қорытады, талдап жиналған деректерді халықаралық іс-шараларға дайындау, сондай-ақ өзекті халықаралық мәселелер жөніндегі Қазақстан Республикасының ресми ұстанымын тұжырымдау кезінде пайдаланылады.

48. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде халықаралық іс-шаралар өткізген кезде мемлекеттік органдар делегацияларының басшылары Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кеткенге дейін өзекті сыртқы саяси мәселелер жөнінде Қазақстан Республикасының ұстанымын айқындау үшін СІМ лауазымды адамдарымен жазбаша нысанда консультациялар жүргізуі қажет.

Орталық мемлекеттік органдар мен СІМ арасындағы уағдаластық бойынша консультациялар басқа нысандарда өтуі мүмкін.

49. Қазақстан Республикасында шет мемлекеттер немесе халықаралық ұйымдардың өкілдері лауазымды адамдармен бірнеше кездесулер және (немесе) келіссөздер жүргізген кезде, кездесулер және (немесе) келіссөздер өткізген мемлекеттік орган келесі қабылдайтын лауазымды адамды (келесі лауазымды адамдарды) болған әңгімелесудің мазмұны мен қол жеткізілген уағдаластықтар туралы мынадай нысанда:

егер келесі кездесулер және (немесе) келіссөздер осы күні өткен жағдайда, ауызша нысанда ;

егер келесі кездесулер және (немесе) келіссөздер келесі күні немесе кеш уақытта өткен жағдайда жазбаша нысанда хабардар етіледі.

СІМ кездесулерге және (немесе) келіссөздерге қатыспаған жағдайда, олардың қатысушылар құрамы мен қол жеткізілген уағдаластықтар туралы ақпарат кездесуден және (немесе) келіссөздерден кейін бес жұмыс күні ішінде СІМ-не жіберіледі.

50. Осы Қағидалардың 6-тараудың талаптары Президент Әкімшілігі мен Премьер – Министр Кеңсесіне қолданылмайды.

Осы Қағидалардың 46-тармағының талаптары орталық мемлекеттік органдарының қылмыстық сот ісін жүргізу, қарсы барлау және барлау салаларындағы халықаралық қызметтеріне, жедел-ізвестіру, тергеу сипатындағы, құқық қорғау органдары қызметкерлерін оқыту және кадрлық қамтамасыз ету, құқық қорғау органдарының жедел-қызметтік жұмысын ұйымдастыру ақпаратқа, қорғалатын адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларға, Қазақстан Республикасының инвестициялық саясаты мен ынтымақтастығының, сондай-ақ халықаралық және өңірлік ұйымдар шеңберінде, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың және Дүниежүзілік сауда ұйымының шеңберіндегі сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту бойынша мәселелеріне қолданылмайды.

Осы Қағидалардың 48 және 49-тармақтарының талаптары арнаулы мемлекеттік  
органдарына қолданылмайды. » .

2. Осы Жарлық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Президенті                              Н.Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ